

## **«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК 2021 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша ақпарат**

«ҰЗМИ» ШБҚ РМК (бұдан әрі - «ҰЗМИ» РМК) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық ұйымы болып табылады.

«ҰЗМИ» РМК бюджеттік қаражаттарды тартусыз, Даму жоспарына сәйкес өз кірісі есебінен қаржыландырады.

Институт қызметінің мақсаты тауар таңбаларына, өнертабыстарға, селекциялық жетістіктерге, авторлық құқыққа, ерекше құқықтарға иелік ету жөнінде шарттарға, қорғау құжаттарын күшінде ұстау және зияткерлік меншік саласындағы мемлекеттік қызметтер сияқты зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау саласында жеке және заңды тұлғаларға басты қызметтері бойынша сараптама қызметтерін көрсету, оның ішінде:

1. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтарының мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу;
2. Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру;
3. Өнеркәсіптік меншік саласындағы қорғау құжаттарын беру;
4. Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу;
5. Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншікті, сондай-ақ, интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу;
6. Тауар таңбасына, селекциялық жетістіктерге және өнеркәсіптік меншікке, сондай-ақ, интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықтардың берілуін тіркеу.
7. Тауар таңбасын тіркеу;
8. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу.


«ҰЗМИ» РМК заңнамамен белгіленген мөлшерлер мен мерзімдерде таза табыстың бөлігін республикалық бюджетке аударады.

«ҰЗМИ» РМК Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыруы Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес белгіленген уәкілетті органмен келісе отырып, «ҰЗМИ» РМК директорымен бекітілген Есеп саясатына сәйкес жүргізіледі.

2021 жылдың нәтижелері бойынша «ҰЗМИ» РМК кіріс бөлігі тауар таңбаларына, өнертабыстарға, селекциялық жетістіктерге, авторлық құқыққа, ерекше құқықтарға иелік ету жөнінде шарттарға, қорғау құжаттарын күшінде ұстау және зияткерлік меншік саласындағы мемлекеттік қызметтер сияқты зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау, жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді және тағы да басқа қызметтерді көрсету саласында жеке және заңды тұлғаларға басты қызметтері бойынша сараптама

қызметтерін кәсіпорын Жарғысымен қарастырылған қызметтерді көрсетуден 1616,58 млн.тг деңгейінде құралды.

### 2021 жылғы Зияткерлік меншік объектілері бойынша кірістер бөлігі



2021 жылғы шығын бөлігі «ҰЗМИ» РМҚ жарғылық қызметін және алдыға қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған 1535,74 млн.тг деңгейінде құрастырылды

Қаржылық жыл нәтижелері бойынша 4,04 млн.тг құрылған таза кіріс бөлігі бюджетке аударылған.